**Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясын іске асыру жөніндегі 2002-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы.**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 8 қазан N 154-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының ережесі туралы" 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 856 Жарлығын іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясын іске асыру жөніндегі 2002-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары

Іс-шаралар жоспарының іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жыл сайын, 20 маусым мен 20 желтоқсаннан кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын, 30 маусым мен 30 желтоқсаннан кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 8 қазандағы
N 154 өкімімен
бекітілген

Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясын іске асыру
жөніндегі 2002-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| р/с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына жауапты | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі іс-шаралар | | | | |
| 1.1 | Қазақстан халықтары Ассамблеясының (бұдан әрі - ҚХА) сессияларын өткізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша), облыстар мен Алматы, Астана қалаларының әкімдері | 2002 жыл 2003 жыл (белгілен-ген мер-зімде) |
| 1.2 | Қазақстан халықтары Ассамблеясы страте-гиясының негізгі міндеттеріне сәйкес Қазақстан халықтары кіші Ассамблеясының аймақтық даму жоспарларын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Президенті-нің Әкімші-лігіне ақпарат | Облыстар мен Алматы, Астана қалаларының әкімдері | 2003 жыл-дың I тоқсаны |
| 1.3 | Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясын түсін-діру мен насихаттау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру | Бұйрық, шешімдер | МАКМ, облыстар мен Алматы, Астана қалаларының әкімдері | 2002 жыл-дың IV тоқсаны 2003 жыл ішінде |
| 1.4 | Қазақстан Республи-касында Достық үйлерін құру жөнінде ұсынымдар әзірлеу | Бұйрық | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша) | 2003 жыл-дың I тоқсаны |
| 2. Қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар | | | | |
| 2.1 | Қазақстан халқының тарихы мен мәдениеті туралы білімді тарату, тарихи мұраны сақтау және этникалық топтардың ұлттық ерекшелігі | Қазақстан Республикасы Президенті-нің Әкімшілігіне ақпарат | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша), БҒМ | 2003 жылдың IV тоқсаны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мен өзара іс-қимыл дәстүрлерін одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізу (жеке жоспары бойынша) | | | |
| 2.2 | Мынадай: а) Қазақстан халықтарының достығы; ә) Қазақстан халықтарының тілдері республикалық фестивальдарын өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша), | 2003 жылдың II тоқсаны 2003 жылдың IV тоқсаны |
| 2.3 | Республика облыстары бойынша ұлттық театрлардың театрлық гастрольдерін және әр түрлі ұлт өкілдері суретшілерінің, қолөнер шеберлерінің көрмелерін өткізуді қамтамасыз ету | Бұйрық, шешімдер | МАКМ, облыстар мен Алматы, Астана қалаларының әкімдері | 2003 жылдың II тоқсаны |
| 2.4 | Әр түрлі ұлт өкілдерінің жастарын өнерпаз жастардың "Шабыт" республикалық конкурсына қатысуға тарту | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат | МАКМ, Астана қаласының әкімі | 2003 жылдың III тоқсаны |
| 2.5 | Жексенбілік мектептерде және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру (жеке жоспар бойынша) | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАКМ, облыстар мен Алматы, Астана қалаларының әкімдері | 2003 жылдың IV тоқсаны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.6 | Қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру қағидаттарына орай ұлттық-мәдени бірлестіктердің жексенбілік мектептері туралы ережені әзірлеу | Бұйрық | МАКМ, БҒМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша) | 2003 жылдың II тоқсаны |
| 2.7. | Ұлтаралық қатынастар проблемаларымен айналысатын мемлекеттік қызметкерлер үшін біліктілігін арттыру семинарларын ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МҚА (келісім бойынша), ҚХА кеңесі (келісім бойынша) | 2003 жылдың IV тоқсаны |
| 2.8 | Біртұтас мемлекеттік тіл саясатын іске асыруға ұлттық-мәдени бірлестіктерді, басқа да үкіметтік емес ұйымдарды, соның ішінде мемлекеттік тапсырыс тетігін пайдалана отырып, ана тілдерін оқытатын жексенбілік мектептер арқылы тарту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАКМ | 2002 жылдың IV тоқсаны 2003 жылдың IV тоқсаны |
| 2.9 | Ұлттық қайта түлеу мектептерінің іс-тәжірибесін қорыту мен тарату, жексенбілік мектептер оқушыларының арасында ана тілі мен мемлекеттік тілді меңгеруіне байқау-конкурстар өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАКМ, облыстар мен Алматы, Астана қалаларының әкімдері | 2003 жылдың III тоқсаны |
| 2.10 | "Балдәурен" республикалық балаларды | Қазақстан Республи- | БҒМ, МАКМ, облыстар мен | 2003 жылдың |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сауықтыру лагерінде әр түрлі ұлт өкілдері балаларының жазғы демалыстарын ұйымдастыру | касының Үкіметіне ақпарат | Алматы, Астана қалаларының әкімдері | III тоқсаны |
| 2.11 | ТМД елдерімен шекаралық ынтымақтастық шеңберінде этномәдени жобаларды іске асыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Облыс әкімдері | 2002 жылдың IV тоқсаны 2003 жылдың IV тоқсаны |
| | 3. Қоғамды одан әрі демократияландыруға жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар | | | |
| 3.1 | Ассамблеяның ұлтаралық қатынастар мәселелері бойынша заң жобаларына қоғамдық-саяси сараптама жасауға қатысуы тетігін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша) | 2002 жылдың IV тоқсаны 2003 жылдың IV тоқсаны |
| 3.2 | Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар басшыларының (келісім бойынша) ұлттық бірлестіктер активімен кездесулер өткізуін қамтамасыз ету (жеке жоспар бойынша) | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша) | 2003 жылдың IV тоқсаны |
| | 4. Ассамблеяны ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат институты ретінде жетілдіру жөніндегі іс-шаралар | | | |
| 4.1 | Қазақстан халықтары Ассамблеясының дүниежүзілік Интернет желісіндегі web-сайтын ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету мен | Бұйрық | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша) | 2002 жылдың IV тоқсаны 2003 жыл ішінде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру | | | |
| 4.2 | "Қазақстан халықтары энциклопедиясын" шығаруды қамтамасыз ету | Бұйрық | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша) | 2002 жылдың IV тоқсаны |
| 4.3 | Әлеуметтік маңызды әдебиеттерді басып шығару және Қазақстан этностары өкілдерінің кітаптарын шығару | Бұйрық | МАКМ | 2002 жылдың IV тоқсаны |
| 4.4 | Елдегі қоғамдық прогресс пен азаматтық татулыққа ықпал ететін халықаралық конференциялар, семинарлар, білім беру және мәдени іс-шаралар, акциялар өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАКМ, ҚХА кеңесі (келісім бойынша) | 2003 жылдың IV тоқсаны |
| 4.5 | Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық ахуалды зерделеу жөнінде социологиялық зерттеулер жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | МАКМ | 2003 жылдың III тоқсаны |
| 4.6 | Мемлекеттік ақпараттық саясатты республикалық және жергілікті деңгейлерде жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жолымен ұлттық-мәдени бірлестіктер жанындағы ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары қызметін мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету. Мемлекеттік тапсырысты орындайтын жалпы ұлттық арналарда ұлттық тілдердегі | Бұйрық, шешімдер | МАКМ, облыстар мен Алматы, Астана қалаларының әкімдері | 2003 жылдың II тоқсаны |

теле- және радио-
хабарларды шығару
және тарату

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК